

Түркістан облысы
Ордабасы ауданы

*Ордабасы аудандық білім бөліміне
қарасты «Рахия-ана» бөбекжай-
балабақшасы ЖШС
2018-2019 оқу жылына арналған
жылдық жоспары*

Темірлан елді мекені

«Бекітемін»
«Рахия ана» бөбекжай-
балабақшасының
меңгерушісі Баймуханова З



**Ордабасы аудандық білім бөліміне
қарасты «Рахия-ана» бөбекжай-
балабақшасы ЖШС
2018-2019 оқу жылына арналған
жылдық жоспары**

**«Рахия-ана» бөбекжай балабақшасының жылдық (өндірістік)
жоспарының структуралық моделі:**

1. Ұйымдастыру жұмыстары

- 1.1. Кіріспе *(балабақша жайлы толық мағлұмат берілуі керек)*
- 1.2. Өткен 2017-2018оқу жылындағы атқарылған жұмыстардың есебі *(атқарылған жұмыстарға толық, жан-жақты талдау жасалуы қажет, проблемалары көрсетілуі керек).*

- 1.3. 2018-2019 жаңа оқу жылының мақсаттары мен міндеттері

2.Кадрлармен жұмыс

- 2.1. Педагог кадрлар жөнінде мәлімет
- 2.2. Педагогикалық кеңес жоспары және ондағы қаралатын мәселелер, ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері
- 2.3.Жаңа технологияларды ендіру жоспары
- 2.4. Семинарлар, тренингтер
- 2.5. Озық іс-тәжірибені үйрену және оны тарату
- 2.6. Педагогикалық кадрларды іріктеу шаралары және қызметкерлердің өз білімін көтеруі туралы
- 2.7. Әдістемелік кабинеттің жұмыстары туралы
- 2.8.Өндірістік кеңес және ондағы қаралатын мәселелер
- 2.9. Меңгерушісі жанындағы кеңес және ондағы қаралатын мәселелер
- 2.10.Медициналық қызметтің ұйымдастырылуы

3. Балалармен жұмыстар

- 3.1. Ертеңгіліктер, серуендер
- 3.2. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау
- 3.3. Дене шынықтыру және сауықтыру шаралары
- 3.4. Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспары

4. Құқықтық тәрбие жұмыстары

- 4.1.Педагог кадрлардың құқықтық білімін көтеру, нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау жұмыстарының іс-шаралары
- 4.2.Балалардың құқығын қорғау жұмыстарының іс-шаралары

5. Бақылау мен басқару

5.1. Балабақшаішілік оқу-тәрбие жұмыстарына бақылау жасау жоспары

6. Ата-аналармен жұмыс

6.1. Балабақшаның ата-аналармен ынтымақтастықта атқарылатын жұмыстарының жоспары, ашық есік күндерінің ұйымдастырылуы

6.2. Оның ішінде әр топтың ата-аналармен атқарылатын жұмыстары

6.3. Топтық және балабақшаның ата-аналар жиналыстары, хаттамалары

7. Әкімшілік-шаруашылық жұмысы

7.1. Жылу жүйесі, балабақша ғимаратының жағдайы туралы, балабақша ауласын, аумағын абаттандыру, көгалдандыру жұмыстары, жиһаз, ойыншықтары, кітаптар мен оқулықтар алу жұмыстары, азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелері.

I.Кіріспе

Ордабасы аудандық білім бөліміне қарасты «Рахия-ана» бөбекжай балабақшасы мына мекен-жай бойынша орналасқан: Куртай көшесі №1 үй

Балабақша паспорты

«Рахия-ана» бөбекжай-балабақшасы ЖШС

Пошталық индексі 160600

Жоба қуаттылығы 50

Тіл оқыту(қазақша, орысша)-қазақ тілі

Білім мекемесінің аттестациядан өткен жылы -

Ғимарат түрі- 1 қабатты

Жалпы көлемі пайдалы-192,3

Қолдануға берілген жылы - 29.11.2013ж №17-Р6-4-214

Құрылыс ауданы – 239,8

Пайдалы алаңы – 839

Балабақша ыңғайластырылған жайда орналасқан. Балабақша мекемесі бір қабатты, онда балалардың ойын бөлмелері, жатын бөлмелері және меңгерушінің, мейірбикенің, әдіскердің бөлмелері бар. Асхана, кір жуатын орын және басқа да шаруашылық құрылыстар мекемеден бөлек жайда орналасқан. Жұмыс істеу режимі 8.00–18.00–ге дейін. Аулада жазғы уақытта пайдаланатын алаң және екі беседка бар. Балабақша жыл бойы белгіленген жоспар бойынша жұмыс істеп келді.

Барлық тобы – 2

Балалардың саны -50

Топтардың жас ерекшелігі :

Ерте жас тобы 1–ден 2 жасқа дейін

Ортаңғы топ 3-тен 4 жасқа дейін

1.2. Өткен 2017-2018 оқу жылындағы атқарылған жұмыстардың есебі

«Рахия-ана» бөбекжай балабақшасы ЖШС-гі ыңғайластырылған жайда орналасқан. Жұмыс істеу режимі 08.00-18.30-ға дейін. Балабақша меңгерушісінің, әдіскердің, мейірбикенің кабинеттері бар. Әдістемелік кабинет, тамақ істеу орны, кір жуушының орны бар. Аулада жазғы уақытта пайдаланатын алаң және төрт беседка бар. Балабақша жыл бойы белгіленген жоспар бойынша жұмыс істеп келді.

Барлық тобы – 2

Балалардың саны – 50

Топтардың жас ерекшелігі:

Ерте жас тобы 1 жастан 2 жасқа дейін

II кіші топ 3 жастан 4 жасқа дейін

Балабақшада оқу-тәрбие жұмысы меңгерушінің жылдық жоспарына сәйкес жүргізіліп отырылды. Педагогикалық кеңестер, ата-аналар жиналысы, меңгеруші жанындағы кеңестер, өндірістік жиналыстар жоспарға сай өткізіліп отырылады. 2017-2018 оқу жылында 6 педагог қызметкерлер жұмыс жасады. Оның ішінде:

Лауазымына сәйкес - ..

Бірінші санатты педагог қызметкерлер – 0

Екінші санатты педагог қызметкерлер – 2.

Санаты жоқ педагог қызметкер -4

Балабақша «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламалары бойынша жыл бойы оқу –тәрбие жұмыстары жүргізіліп отырды.

Балабақша жаңа 2017-2018 оқу жылында мынадай максаттармен жұмыс жасады:

Жаңа 2017-2018 оқу жылындағы жұмыстардың негізгі бағыттары:

«Денсаулық» және «Таным» білім салаларында білім алу күзінеттілігін қалыптастыру.

- «Денсаулық» пен «Таным» білім салаларын кіріктіре дене қозғалысының белсенділігін дамыту;
- Дене шынықтыру жаттығуларын табиғатпен үйлесе меңгеруді қалыптастыру;
- Математикалық ұғымдарды қимылды ойындар негізінде дамыту;
- Қоршаған ортамен таныстыру және оған қамқорлық сезім орнату;
- Баланың күнделікті қозғалыс белсенділігін дамытып және физикалық қасиеттерін қалыптастыру;
- Ата –аналармен балалардың денсаулығын нығайту және дамыту жолында біріккен әрекеттерді ұйымдастыруда отбасымен байланыс жұмыстарын нығайту;
- Дене шынықтыру оқу іс - әрекеттерінде, денсаулық мерекелері мен күндерінде, спорттық кештер, спорттық жарыстар, спорттық отбасылық байқаулар арқылы денсаулықты нығайту жұмыстарын өткізу;

Биылғы оқу жылына 5 педагогикалық кеңес өткізілді. Өткізілген педагогикалық кеңестің қаулылары төмендегідей:

Педагогикалық кеңестердің қаулылары:

№1 Педкеңестің қаулысы: 27.08.2017ж

Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша жоғарыда сөйлеген тәрбиешілердің пікірлерін тыңдай келіп педагогикалы кеңес қаулы етеді:

1. Мемлекеттік ЖМБСтандарты бойынша барлық топтың оқу жылына дайындығы, дамытушы ортаны құру сапасын жақсарту жұмыстары тәрбиешілерге міндеттелсін.
2. 2017-2018 оқу жылына арналған жылдық жоспар бекітілсін.
3. Балабақшадағы топтардың күн тәртібі, оқу іс -әрекеттерінің кестесі бекітілсін.
4. Кезекті (көтеру) аттестациядан өтуге өтініш беруші педагогтар жұмыстары талапқа сай жүргізілсін.
5. Осы қаулының орындалуы ортаңғы тобының тәрбиешісі Шындалиева Ғазизаға жүктелсін.

№2 Педкеңестің қаулысы: 20.11.2017ж

Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша жоғарыда сөйлеген тәрбиешілердің пікірлерін тыңдай келіп педагогикалы кеңес қаулы етеді:

1. Тәрбиеші Байдалиева Гәкку оқыған баяндамасы жақсы деп бағалансын.
2. Тәрбиеші Байдалиева Гәкку оқыған баяндамасы жақсы деп бағаланып, аталған ойын түрлері іс тәжірбиелеріне қолданылсын.
3. «Ұйымдастырылған оқу іс -әрекетінде ақпараттық технологияны қолдана отырып, баланың танымдық белсенділігін арттыру» тақырыбында жүргізген меңгеруші З.Баймуханованың сұхбаты өте жақсы өтілді деп бағаланып, жаңа технологияларды қолдану барлық топтардың оқу іс -әрекетінде жүргізіліп отырсын.
5. Осы қаулының орындалуы ортаңғы тобының тәрбиешісі Әпек Мөлдірге жүктелсін.

№3 Педкеңестің қаулысы: 28.01.2018ж

Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша жоғарыда сөйлеген тәрбиешілердің пікірлерін тыңдай келіп педагогикалы кеңес қаулы етеді:

1. «Педагогтардың кәсіби біліктілігін және шығармашылығын арттыру» тақырыбындағы меңгеруші З.Баймуханованың жасаған баяндамасы өте жақсы деп бағалансын.
2. Әдіскері І жарты жылдықтағы оқу –тәрбие жұмыстарына жасаған есебі жақсы деп бағаланып, оқу –тәрбие жұмыстарындағы мақсаттар толық жүзеге асырылсын.
3. «Оқу – тәрбие жұмысында инновациялық технологияларды қолдану» тақырыбындағы ортаңғы тобының тәрбиешісі Әпек Мөлдірдің баяндамасы жақсы деп бағаланып, оқу –тәрбие жұмысына инновациялық технологиялар қолданысқа енгізілсін.
4. «Ойын арқылы сезімін арттыру» тақырыбындағы педагог –психолог О.Дәрімбаеваның тренингі жақсы деп бағалансын.

5. Тәрбиеші Кендирбаева Инкар. «Денсаулық» саласы, дене шынықтыру бөліміндегі «Орманға қонаққа барамыз» тақырыбындағы оқу іс -әрекеті жақсы деп бағалансын.
6. Осы қаулының орындалуы ерте жас тобының тәрбиешісі Кендирбаева Инкар жүктелсін.

№4 Педкеңестің қаулысы:

30.03.2018

Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша жоғарыда сөйлеген тәрбиешілердің пікірлерін тыңдай келіп педагогикалы кеңес қаулы етеді:

1. «Дене шынықтыру арқылы бала денсаулығын нығайту және дене шынықтыру іс -әрекеттерін дұрыс ұйымдастыру» тақырыбындағы дөңгелек үстелдегі қойылған мәселелер бойынша жұмыс жүргізу қатаң қадағалансын.
2. «Таным» саласы, сенсорика бөліміндегі оқу іс-әрекеті орта деңгейде деп бағаланып, қайта өтілсін.
3. Осы қаулының орындалуы ерте жас тобының тәрбиешісі Шындалиева F жүктелсін.

№5 Педкеңестің қаулысы:

26.05.2018ж

Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша жоғарыда сөйлеген тәрбиешілердің пікірлерін тыңдай келіп педагогикалы кеңес қаулы етеді:

1. Барлық топ тәрбиешілерінің қорытынды есептері жақсы деп бағалансын.
2. Балабақша бүлдіршіндерінің білім –білік деңгейлеріне жүргізілген мониторинг пайызы жақсы дәрежеде деп бағаланды.
3. 2017-2018 оқу жылындағы оқу –тәрбие жұмысындағы көрсеткіштеріне ата –аналар тарапынан қанағаттанушылық көрсеткіштері жақсы деңгейде деп бағалансын.
4. Осы қаулының орындалуы жүктелінсін.

2017-2018 оқу жылына 5 ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекет өткізу жоспарланған. Тәрбиешілер ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетке үлкен дайындықпен келіп, тиісті бағаларын алды. Тәрбиешілер қазан айынан бастап ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттер өткізді. Атап айтқанда: тәрбиеші Әпек М «Еңбек түбі –береке» ертегісі, тәрбиеші Катенова С «Үш торай» ертегісі, тәрбиеші Шындалиева F «Табиғатқа серуендеу», тәрбиеші Сарбас А «Түрлі –түсті шарлар», тәрбиеші Құдайбергенова «Қуыршақты шомылдырамыз»

Балабақшада барлық мерекелерге орай ертеңгіліктер ұйымдастырылып отырылды. Қызметкерлер мен балабақша бүлдіршіндері арасында түрлі сайыстар ұйымдастырылып отырды. Ата –аналар өз ризашылықтарын білдіріп, балаларының жақсы білім тәрбие алып жатқандықтарына көз жеткізіп қайтты.

Ата-аналар комитетімен балабақша ұжымы барлық мерекелерді, іс-шараларды бірлесе отырып өткізуде. Қыркүйек, желтоқсан, мамыр айларында ата-аналар жиналысы өткізілді.

І.3. 2018 – 2019 оқу жылының мақсаттары мен міндеттемелері

Рухани жаңғыру – ұлттық тәрбие

- Балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту;
- Балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу («Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Туған жер» кіші бағдарламасы);
- Ерте жастағы балалардың әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше оқу дағдыларын дамыту;
- Балалардың тарихқа, табиғатқа, мәдениетке және туған өлкенің бай мұрасына сүйіспеншілігін қалыптастыру;
- балаларды мектепке оқуға мақсатты түрде дайындау;
- Балалардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, олардың патриоттық сезімдерін ояту.
- Балаларды ұлттық және адамзаттық құндылықтарға баулу;
- «Рухани жаңғыру», «Туған жер» бағдарламалары аясында жалпы ұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу;
- Ізгілік бастамасымен тәрбиелеу. өз отбасына, балабақшасына, туған қаласына, көшесіне сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен қарау.
- Табиғатқа қамқорлықпен қарау.
- Еңбекте – еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу.
- Қазақ халқының салт – дәстүріне қызығушылықпен қарау.

2018-2019 ОҚУ ЖЫЛЫН ЖОСПАРЛАУ КЕЗІНДЕГІ БАСТЫ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

№	Негізгі құжаттардың атауы	Негізгі құжаттардан алынған іс-шаралар, нұсқаулар
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995ж.	1995жылы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясының (ҚР Президентінің жарлығы бойынша 1996 №4,217 құжат, 1998 №20,245 құжат) мынандай өзгертулер мен толықтырулар енгізілген. Заңда әрбір азаматтың мемлекеттік білім беру мекемелерінде тегін орта білім алуға, мемлекеттік жоғары оқу орындарында бағалау негізінде ақысыз білім алуға құқылы. Заңға негізделініп құрылған жеке меншік мекемелерде ақылы білім алуға құқылы. Мемлекет жалпыға міндетті білім беру стандартын бекітеді. Барлық білім беру мекемелері осы стандартқа сай жұмыс атқаруы керек.
2	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы.27.07.2007 ж. 319 заңы	Білім аймағындағы қоғамдық қатынасты осы заң реттейді, мемлекеттік саясат аумағында негізгі принципті белгілейді және Қазақстан Республикасының азаматы білім алуына Конституциялық құқық пен қамтамасыз етуіне бағытталған.
3	Бала құқықтары туралы Конвенциясы. 08.08.2002ж. №345-П.	Балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамытуәлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық

		пен азаматтыққа тәрбиелеу.
4.	«Қазақстан Республикасының тілдер туралы» Қазақстан Республикасының 11.07.1997ж. №151-І Заңы.	ҚР тілді қолдану негізгі заңын, осы заң белгілейді, менгеру және дамыту, мүмкіншілік туғызу, мемлекет міндеті. Тәрбиешілерге: 1. Тіл туралы заңға байланысты мәселе - Мемлекеттік тіл- қазақ тілін дамыту. Балабақшада қазақ тілін оқыту, үйрету үдерісін жаңарту. Орыс тілінде жүргізілетін топтарда оқу-тәрбие жұмысын қазақ тілінде жүргізу. Ойын-сауық, ертеңгіліктер ұйымдастыру. 2. Елге сыйлы танымал адамдармен ,сазгерлермен кездесу ұйымдастыру, шығармаларымен таныстыру. -Қазақ тілі кабинетінің материалдық базасын көтеру.
5.	Қазақстан - Республикасының мемлекеттік рәміздер туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 28 маусымдағы №23-V заңы	
6.	«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі №306 Заңы	
7.	«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 Заңы	
8.	«Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 жарлығы	
9.	«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық	

	қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы №615 бұйрығы	
10.	«Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысы	
11.	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың	
22.	ҚР Үкіметінің 30.12.2011ж. №1684 қаулысымен. «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидалары	Бұл санитарлық ереже «Санитарлық –эпидемиологиялық талаптардың мазмұны мен мектепке дейінгі білім беру мекемесінің құрылымы» (сондай-ақ санитарлық ереже) сан-эпид талаптарын орындауды жобалауды, құрылысты, қайта салу, жер тілімі, ғимарат, мекеменің құрал-жабдықтары, тамақты ұйымдастыру, бракераж, ауа-жылу жүйесі, табиғи және жасанды жарықтандыру, құбырларды, күн тәртібі, топтың құрамы, ертенгілік фильтр, дене тәрбиесі, дәрігерлік көмек, изолятор және климаттық зона ұйымдастыру.

2.2.Педагогикалық кеңестер

Мақсаты: Оқу-тәрбие үрдісінің сапасын арттыру

к/с	Педкеңестің бағдарламасы мен тақырыбы	мерзімі	жауапты
	<u>№ 1 педагогикалық кеңес</u>		
1	ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен таныстыру		Меңгеруші
2	«Рахия-ана» бөбекжай балабақшасының 2018-2019 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру және бекіту.	25 тамыз 2018	
3	Әр топтың 2018-2019 оқу жылына арналған жылдық оқу жоспарымен, топтардың жасына қарай ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің кестесімен, күн тәртібімен таныстыру және бекіту .		
4	Вариативтік оқу қызметтерін талдау, бекіту		
	<u>№2 Педагогикалық кеңес</u>		
1	№1 пед. кеңестің шешімінің орындалуы туралы	2018ж	Тәрбиеші
2	Баяндама – «Балабақшада қолданылатын тиімді технологиялар»		
3	Диспут: «Мектепке дейінгі жастағы балаларды қазақтың салт –дәстүрімен таныстыру»		
	Ашық оқу қызметін, ашық есік күндерін, ертеңгіліктерді, байқауларды қарау		Педагогтар
1			
	Педагогикалық кеңес №3		тәрбиеші
	Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау анализі	қаңтар 2019 ж	

	<p>Баяндама – «Трафарет театры арқылы баланың сөйлеу технологиясын дамыту»</p> <p>Ашық оқу қызметін, ашық есік күндерін, ертеңгіліктерді, байқауларды қарау</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Денсаулық» саласы, дене шынықтыру бөлімі 2. «Қатынас» саласы, драма бөлімі 3. «Қатынас» саласы, сауат ашу негіздері бөлімі 4. «Қатынас» саласы, ағылшын тілі бөлімі 5. «Қатынас» саласы, сөйлеуді дамыту бөлімі 6. «Шығармашылық» саласы, сурет салу бөлімі 7. «Шығармашылық» саласы, музыка бөлімі 8. «Қатынас» саласы, орыс тілі бөлімі 9. «Таным» саласы, құрастыру бөлімі <p>1. «Тәуелсіз Қазақ елім», Жана жыл ертеңгіліктерін талқылау</p> <p style="text-align: center;">№4 Педагогикалық кеңес</p> <p>Баяндама- «Қамыр илеу өнері арқылы қолдың нәзік қозғалыс қабілетін дамыту»</p> <p>Көрме: Денсаулықты нығайтуға арналған дәстүрлі және дәстүрден тыс құралдар.</p> <p>Ашық оқу қызметін, ашық есік күндерін, ертеңгіліктерді, байқауларды қарау</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Қатынас» саласы, орыс тілі бөлімі 2. «Таным» саласы <p>1.«Көктемгі табиғат» туралы балалар көрмесі</p> <ol style="list-style-type: none"> 2. 8 наурыз, 22 наурыз мерекелік ертеңгіліктерін талқылау 3. «Қызым -қызғалдағым, анам – 	<p>2019ж наурыз</p>	<p>әдіскер</p> <p>Педагогтар</p> <p>Топ тәрбиешілері</p> <p>тәрбиеші</p> <p>Ортаңғы топ</p> <p>Тәрбиешілер</p> <p>Тәрбиешілер</p>
--	---	---------------------	---

	ардақтым» отбасылық сайыс		
	4. «Жігіт сұлтаны»		
	№5 Педагогикалық кеңес		
1	Өткен пед. кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы	2019ж	әдіскер
2	Тәрбиеленушілердің білім беру бағдарламалары орындалуының нәтижелері /тәрбиешілер есебі/.	мамыр	тәрбиешілер
3	«Денсаулық», «Әлеумет», «Танымдық», «Катынас», «Шығармашылық» облыстары бойынша балалардың білім-білік күзінеттіліктері дамуының графикалық анализі.		әдіскер
4	Ашық оқу қызметін, ашық есік күндерін, ертеңгіліктерді, байқауларды қарау		тәрбиешілер
5.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Барлық тәрбиешілердің қорытынды оқу қызметтерінің өтілу деңгейін талқылау 2. «Кәне, ойнайық балақай!» ерте жас тобында өткен ойын іс әрекетінің өтілу деңгейін қарау 3. «Әкем, шешем және мен» тақырыбында отбасылық шығармашылық сайысын бағалау 		
	Ата-аналармен жұмыс жүйесі ата-аналардың қанағаттанушылық көрсеткіштері		әдіскер
	Тренинг «Жақсы көңіл күй сыйлайын!»		

2.3 Жаңа технология элементтерін енгізу жоспары

к/с	Аты-жөні	Мерзімі	Технология тақырыбы
1	Әпек М	24.11.2018ж	«Мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуда ТРИЗ технологиясын қолдану ТРИЗ технологиясының мақсаты - тек қана балалардың қиялын ғана емес, сонымен қатар шынайылықты түсініп жүйелі ойлауға, өзін - өзі тануға, қоршаған ортаның қиындығын байқауға және де өздерінің шағын қиындықтарын шешуге баулу болып табылады.
2	Байдалиева Г	26.01.2019ж	Денсаулық сақтау технологиясы Мақсаты: Бұл технология баланың жинақтылығын, зейінін, ойлау белсенділігін және есте сақтау қабілетін қажет етеді. Оқу – тәрбие үдерісі барысында қоршаған ортаны танып-білуде жолдастарына және өзіне деген оң көзқарас орнатады. Балалардың барлығының тәрбие үдерісіне денсаулығын нығайтуға және жан-жақты жеке дамуына үлес қосады.
3	Кендирбаева И	23.02.2019ж	Ақпараттық технологиясы Мақсаты: Мектепке дейінгі мекемелерде ақпараттық –қатынастық технология құралдарын қолданудағы мақсат баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру.
4	Шыңдалиева Ғ	30.03.2019ж	Ойын арқылы оқыту технологиясы Мақсаты: Ойын арқылы баланың қызығушылығын оятып, білімдік, танымдық, шығармашылық көздерін ашуды көздейді.

2.4. Семинарлар, тренингтер

№	Тақырыбы	Дәрежесі	Ұзақтығы	Мерзімі	Жауапты
1	<u>Семинар:</u> «Денсаулық»				

	және «Таным» білім беру салаларын интеграциялау арқылы бала құзіреттілігін арттыру	Пед.ұжым	2 сағат	Сәуір	Әдіскер Қалтаева А
--	--	----------	---------	-------	-----------------------

Педагогтар үшін кеңестер

№	Тақырыбы	Дәрежесі	Мерзімі	Жауапты
1	«Кіші жастағы балаларға (2-4) сурет салу мен мүсіндеуді үйретудің әдіс-тәсілдері».	Кіші топтың тәрбиешілері	қазан	
2	Ересек жастағы балалардың шығармашылығын дамыту.	Тәрбиешілер	қараша	Әдіскер
3	Балалардың құзіреттілігін анықтаушы индикаторларды қолдану әдіс –тәсілдері.	Пед.қызметкерлер	желтоқсан	Әдіскер
4	Дамыту орталарында балалар әрекетін ұйымдастыру	Тәрбиешілер	Қаңтар	Әдіскер
5	Тілдік-танымдық әдістерді дамытудың жобасы.	Тәрбиешілер	ақпан	Әдіскер
6	Мектепке дейінгі тәрбиеленушілерді айналамен қоршаған әлеммен таныстырудың ерекшеліктері.	Тәрбиешілер	Сәуір	Әдіскер

Аттестацияға дайындық және оның талаптарын орындау

№	Іс-шаралар	мерзімі	Жауаптылар
1	Балабақшада аттестация мүшелері құрамын құру. Меңгерушінің аттестация комиссиясы құрамын бекіту және олардың беку мерзіміне бұйрық шығуы	09.18ж дейін	Меңгеруші Әдіскер
2	Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау	11. 09.18ж	Аттестаттау комиссиясы мүшелері
3	Педагог мамандардың аттестацияда санаттарын кезектен тыс көтеру, кезекті, бекітулеріне . байланысты педкеңес өткізу	14. 09.18ж	Аттестаттау комиссиясы мүшелері
4	Балабақшаның аттестация комиссиясының құрамының құжаттарының талапқа сәйкестігінің карауы	19.09.18ж	Аттестаттау комиссиясы мүшелері
5	Аттестациядан өтетін педагог мамандардың тізімдерін жасау, құжаттарын өткізуге дайындау	26.09.18ж	Аттестаттау комиссиясы мүшелері
6	Ауданға аттестациядан өтетін педагогтардың құжаттарын тапсыру	01.18ж-02.19ж	Аттестаттау комиссиясы мүшелері

2.5. Озық іс- тәжірибені үйрену және оны тарату

Тәрбиешінің аты- жөні	Тәжірибенің тақырыбы	Жұмыс кезеңінің дамуы, таратылуы	Өткізілу мерзімі	Жауапты
Байдалиева Г	«Дәстүрден тыс технологияларды балабақшада қолдану және тиімділігі»	<p>I. Зерттеу(сауалнама бақылау, әңгімелесу)</p> <p>II. Материалдар жинақтау, (әңгімелесу, кеңестер, баяндамалар)</p> <p>III. Педагогтарға таныстыру (ашық сабақтар, семинарлар)</p> <p>IV. Балабақшада іс- тәжірибенің таратылуы (көрме, педагогикалық оқуға шығу)</p>	<p>IX. 2018жыл</p> <p>I. 2019жыл</p> <p>II. 2019жыл</p> <p>IV. 2019жыл</p>	<p>Менгеруші Әдіскер Тәрбиеші</p>

2.6. Педагогикалық кадрларды іріктеу шаралары және қызметкерлердің өз білімін көтеруі туралы

Мақсат: белгілі бір білім беру мақсаттарына жетуге бағытталып арнайы ұйымдастырылған танымдық іс-әрекет арқылы педагогтардың кәсіби біліктілігін көтеру, жалпы мәдени және кәсіби танымдық қызығушылықтарын қанағаттандыру.

№	маманның аты-жөні, тегі	өзін-өзі жетілдіру тақырыбы	болжамдалған нәтиже
1	Менгеруші Баймуханова З	Басқару және білім беру-ақпараттық кеңістігін құру.	Педагогикалық үрдіске қатысушыларды өзара әрекет ету тұрғысында басқару жүйесінің қызметін ұйымдастыру, адамгершілік-рухани білім берумен қатар бірлікпен өзара байланыс мақсатын қамтуды ұйымдастыру.
2	Әдіскер Қалтаева Д	Мектепке дейінгі білім мекемесінде педагогтардың кәсіби өздік дамуына ықпал ету	Әдістемелік іс-әрекеттің әр түрлі қалыптарын ұйымдастыру мен таңдау және әрбір педагогтың мүмкіндігі мен қажеттігін есепке ала отырып оның мазмұнын құру барысында ББМ педагогтарына оның кәсіби және өздік дамуына педагогикалық-психологиялық әдістемелік тұрғыда көмек беруге жағдай жасау.
3	Тәрбиеші Әпек М	Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың бойында халық ертегілері арқылы шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру.	Шығармашылық ойлау мен елестетуді дамытуға септігін тигізетін театрландырылған ойын мен іс-әрекет арқылы көркем тілдік шығармашылығын, ізденіс пен тәжірибе жасау белсенділігін дамыту, әртүрлі белгі жүйесін және интеллектуалдық қабілеттіліктерін қалыптастыру.
4	Тәрбиеші Шындалиева Г	Балаларға білім беру мекемесінде педагогтарды шығармашылық іс-әрекетке бейімдеу.	Педагогтардың жұмыс сапасын, нәтижелілігін, белгіленген қызмет деңгейін көтеруге түрткі болатын жағдайды қалыптастыру, сонымен қатар кәсіптік мақсатқа жетуге көмектесу, өзін-өзі сыйлау сезімін жоғарылату, ББМ ахуалын жақсарту.
5	Тәрбиеші Байдалиева Г	Ақпараттық технологияларды пайдалана отырып балаларды төзімділікке тәрбиелеу.	Балаларды өз сезіміне бақылау жасай білуге дағдыландыру және олардың ерешеліктерін анықтауға көмек көрсету. АТ қолдану арқылы еркін іс-әрекетке бағытталған пәндік-кеңістік материалдарын жасау.
6	Тәрбиеші Кендирбаева И	Қазақ халқының ұлттық мәдениетімен танысу барысында баланың бойында адамгершілік бастауын тәрбиелеу.	Пәндік-кеңістіктік ортасын ұйымдастыру (шағын мұражай), қажетті материалды білімді және кәсіптік деңгейде жеткізу

Кәсіптік деңгейді көтеру

Мақсаты: Оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру мақсатында педагогикалық ұжымның теориялық және практикалық деңгейін көтеру

Бір жылға арналған іс – шаралар кестесі

Р/с	Балабақша іс-шаралары	Айлар										
		8	9	10	11	12	1	2	3	4	5	
1.	Өндірістік жиналыс		+			+						+
2.	Педкеңес	+			+		+			+		+
3.	менгеруші жанындағы кеңес		+			+				+		
4.	Ашық сабақтар			+	+		+			+	+	+
5.	Семинарлар										+	
6.	Кеңестер			+			+				+	
	Ата-аналар жиналысы						+	+				
	• Жалпы		+		+			+				+
7.	• Топтық		+		+	+	+				+	
8.	Бақылау мен басшылық	+	+	+	+	+				+	+	+
9.	Нұсқаулар	+		+		+					+	+
10.	Даму деңгейінің талдауы						+					+
11.	Бала өмірін қорғау бойынша					+	+					
12.	инструктаж	+			+	+	+	+		+		+
13.	Әдіскерлік бөлменің	+		+		+				+	+	+
14.	жұмысы	+		+		+				+		+
15.	Мерекелер мен ойын-		+	+	+	+				+		+
16.	сауықтар				+		+			+	+	+
17.	Көрмелер мен байқаулар				+		+					+
18.	Ашық есік күндері	+					+				+	+
19.	Денсаулық мерекесі	+				+				+	+	+
	Педагогтардың аттестациясы	+			+		+					+
20.	Әкімшілік-шаруашылық жұмыс	+		+						+		+

2.7. Әдістемелік кабинеттің жұмыстары

№	Педагогикалық процесті жаратқандыру	Мерзім	Жауапты
1.	Жас ерекшелігіне негізделген топтар бойынша жаңа келген балалардың бейімделу анализі схемасын құрастыру	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер
2.	Материалдар, консультациялар, семинарлар дайындау	Жоспар бойынша айына 1 рет	Әдіскер
3.	Педагогикалық кеңестерге, ашық көрмелерге әзірлік, жастар ұйымы комитетіне, аудандық білім беру бөлімі шараларына қатысу (фестивальдар, байқаулар, спартакиада).	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер, барлық педагогтар
4.	Шебер сыныптар өткізу үшін материалдар таңдау және әзірлеу	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер, барлық педагогтар
5.	Оқыту-тәрбиелік жұмыстардың айлық жоспарын талдау	Айына 1 рет	Меңгеруші, әдіскер
6.	Әдістемелік әдебиетті толықтыру және бағдарламаның бөлімдері бойынша дидактикалық ойындарды әзірлеу	Жыл бойы	Әдіскер, тәрбиешілер
7.	Шығармашылық топтың жұмысы	Жыл бойы	Әдіскер педагогикалық актив
8.	Педагогикалық кеңестер үшін материалдар жинау (ерекше құрал-жабдықтар)	Жыл бойы	меңгеруші Әдіскер,

2.8. Өндірістік кеңес

№	Тақырыбы	Өткізілу түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	- Жазғы-сауықтыру кезіндегі өткізілген іс-шаралар қорытындысы.		04 қыркүйек 2018ж	Мейірбике
2	-2018-2019 оқу жылының жылдық жоспармен таныстыру, бекіту			Меңгеруші Баймуханова
3	- Еңбек тәртібі. Шаруашылықтың барлық буындарының жаңа оқу жылына толық даярлығы.	Таныстыру , талқылау		ш/меңгерушісі
4	-Байқаудың қорытындысы – «Жаңа оқу жылына үздік дайындық»			әдіскер Калтаева
5	-Өрт қауіпсіздігі мен адам өмірін қорғау жөніндегі нұсқаулықтармен таныстыру.			ш/меңгерушісі
6.	-Балабақша мамандарымен қауіпсіздік шараларының нұсқауымен таныстыру. -Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу.			әдіскер
1	-Балабақшаішілік еңбек тәртібінің нұсқауларымен таныстыру.			Меңгеруші
2	-Балалар өмірін және денсаулығын қорғау бойынша нұсқауды орындау	жиналыс	28 желтоқсан 2018ж	Тәрбиешілер медбике
3	I-ші жартыжылдықтағы тамақтану және науқастық анализі -Ішкі еңбек тәртібін , ішкі күн тәртібін орындау			Кәсіподақ ком. төрағасы
4	-Кәсіподақ төрағасының 2018 жылға арналған есеп берулері			
1	- Жазғы маусымдық-сауықтыру кезеңін өткізу іс-шараларын талдау, бекіту	Қорытынды	18 мамыр 2019ж	Меңгеруші
2	-Жаз кезіндегі азық-түліктердің сапасы мен алуан түрлілігі және бала тамағын дәрумендендіру.			Тәрбиешілер Медбике
3	Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтардың орындалуы туралы есеп берулер.			ш/меңгерушісі
4	-Балалардың науқастығы туралы есеп беру			Мейірбике

2.9. Меңгеруші жанындағы кеңес.

Міндеті: Педагогикалық іс-әрекеттің мотивациялық –оятушылық қызметін қалыптастыру

к/с	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Ескерту
№1				
1	Мектепке дейінгі жастағы балаларға танымдық күзиреттілігін меңгерту	27 Қазан 2018	әдіскер	
2	Күн тәртібіндегі сауықтыру шараларын талдау		мейірбике	
3	Ертеңгіліктер сценариларын бекіту.		Меңгеруші	
4	Ата-аналар бұрыштарын және топтарға арналған бұрыштарды жаңарту.		әдіскер тәрбиешілер	
№2				
1	«Көркем әдебиет арқылы Отансүйгіштікке тәрбиелеу»	15 желтоқсан 2018ж	Тәрбиеші	
2	Жаңа бағдарламаларды іске асыру бойынша педагогикалық ұжым жұмысының нәтижесін анықтау.		Меңгеруші	
3	Педагогтарды әріптестерінің инновациялық қызметімен таныстыру. Көрнекі-дидактикалық материалдарды осы программалар бойынша жүйелендіру.		Әдіскер	
4	Балалардың біліктілік деңгейлерінің мониторингін талдау /барлық топтар/		топ тәрбиешілері	
№3				
1	3-4 жасар балалардың ойын арқылы сөйлеу және сыни тұрғыдан ойлау техникасы бойынша күзиреттілікті меңгертуі	27 ақпан 2019 ж	Тәрбиеші	
2	«8 Наурыз» және «Жыл басы «Наурыз» ертеңгіліктердің өту сапасын талқылау.		Мед бике	
3	«Шығармашылық» және «Қатынас» білім салаларын интеграциялау (кіріктіру) жайлы ақпарат.		кіші топ тәрбиешілері	
4	Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын талқылау			
	Мектеп жасына дейінгі балалармен дене шынықтыру -сауықтыру жұмыстарын			

5	ұйымдастыру.			
№4				
1	Мектепке дейінгі сәбилерді қоршаған ортамен таныстыруда дәстүрлі әдістер бөлшектерінің инновациялық тұрғыда келуі және оларды жинақтау, қалыптастыру.	20Сәуір 2019ж	Тәрбиешілер	
2	«Қатынас» білім саласы бойынша (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) балалардың жұмысын бағалау		Меңгеруші	
3	Күн тәртібінің орындалуы мен топтардың санитарлық-гигиеналық жағдайы		Медбике	

2.10 Медициналық-педагогикалық кеңестер

№ р/с	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	<p>1. Балабақша бойынша санитарлық жұмысын талдау</p> <p>2. Сауықтыру –шынықтыру шараларын талдау.</p> <p>3. Балалардың бейімделу кезеңіндегі ауруларына талдау.</p>	XI	<p>Мейірбике</p> <p>тәрбиешілер</p> <p>мейірбике</p>
2	<p>1. I-жарты жылдықтағы балалар ауруларына талдау.</p> <p>2. Нервтік-психикалық карта бойынша балалардың ойын түрлеріне талдау.</p> <p>3. Педагогикалық үрдістің жабдыкталуы.</p>	II	<p>мейірбике</p> <p>мейірбике</p> <p>әдіскер</p>
3	<p>1. II жарты жылдықтағы балалар ауруларына талдау.</p> <p>2. Барлық бөлім бойынша бағдарламаны меңгеру.</p> <p>3. Жазғы сауықтыру жұмыстарына дайындық.</p>	V	<p>мейірбике</p> <p>тәрбиеші</p> <p>әдіскер</p>
4	<p>1. Жанұя тәрбиесі тәжірибесін ата-аналармен жұмыс.</p> <p>1. Сауықтыру шараларының жоспарын бекіту.</p> <p>2. Дене тәрбиесі мен сауықтыру – шынықтыру шараларының жүргізілуіне сапалы дәрігерлік-педагогикалық бақылауды жүргізуді қамтамасыз ету</p>	VIII	<p>мейірбике</p> <p>менгеруші</p> <p>мейірбике</p>

IV.	Шығармашылық білім саласы бойынша қол өнер бұйымдарын жасау.	Қорытынды		Меңгерушісі Әдіскер	Педкенес
V	Педагогикалық ұжымның біржылдық жұмысын талдау, қорытындылау	Қорытынды		Меңгерушісі Әдіскер	Педкенес

VI. АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС

Мақсаты : ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру , педагогикалық ұжым алдындағы тапсырмаларды бірлесіп шешуге үйрету.

Мерзімі	Тақырыптары	Өткізілу түрі	Жауаптылар
IX	1. Жалпы топтық ата-аналар жиналысы, Балаларды тәрбиелеуге көмек көрсету мақсатында сауалнама жүргізу; («Педагогтар мен ата-аналардың араласуы»)	Сауалнама	Әдіскер
	2. Тақырыптық қабырғаларды безендіру «Біздің балабақша»; «Келіңіз, танысайық» немесе «Топтың қонысы»;	Қабырғаларды безендіру	Тәрбиешілер
X	Топтық ата-аналар жиналысы «Ұлттық тәрбие – ұрпақ жалғасы, ата-аналарға» кеңес.	Ата-аналармен дөңгелек үстел.	Әдіскер, топ тәрбиешілері
XI	1. Бала қатынасының негізі, тиімді тәсілдеріне сүйене отырып сөйлеу тілін қалыптастыру. 2. «Ерекше балалардың аналары да ерекше бола ма?» (бала тәрбиесіндегі мәселелерді талқылау).	Топтық ата-аналар кеңес	Барлық топтар
XII	Педагогтың, балалардың ата-аналардың әлеуметтік серіктестігі.	Дөңгелек үстел	Тәрбиешілер
I	Ата-аналар мен «Супер Аналар» сайысы	Сайыс	Тәрбиешілер

II	«Әжемнің аялаған әні менмін сайысы»	сайыс	Топ тәрбиешілері
III	Жалпы топтық ата-аналар жиналысы, «Ерте жастан бала тілін дамытудың маңызы»	Пікір алмасу	Тәрбиешілер
IV	Ата-аналармен жұмыстың жаңа формасы	Ашық есік күні.	Тәрбиешілер
V	Топтық жиналыс «Оқу жылының қорытындысы»		Барлық топ тәрбиешілері

VII. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ

1.Қазақстан Республикасы «Тіл туралы Заңын»іске асыру шаралары.

Мақсаты:Өз Отаны мен туған өлкесіне сүйіспеншілігін, мемлекеттік рәміздерге құрметпен, қоршаған орта отбасы, түрлі ұлт өкілдеріне адамгершілікпен қарауға тәрбиелеу.

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1.	«Қазақстан менің туған жерім, Ата заң Қазақстан Республикасының ең басты заңы»	Қыркүйек	Топ тәрбиешісі
2.	22-қыркүйек «Қ.Р.тілдер күні»	Қыркүйек	Тәрбиешілер
3.	1-қазан «Халықаралық қарттар күні», «Ұстаздар мерекесі»	Қазан	Тәрбиешілер
4.	Сен және сенің құқықтарың	Қараша	Тәрбиеші
5.	16-желтоқсан «Қ.Р.тәуелсіздік күні»	Желтоқсан	Тәрбиешілер
6.	Мемлекеттік рәміздер Елтаңба, Ту, Әнұран туралы білімдерін қалыптастыру.	Қаңтар	Тәрбиеші
7.	Қазақтың ұлттық ойындары үлгілерін сабақтарда қолдану.	Үнемі	Тәрбиешілер
8.	«Ұлыстың Ұлы күні –Наурыз!» ашық тәрбие сағаттары	Наурыз	Тәрбиешілер
9.	Наурыз мерекесі қарсаңында ұлттық қолөнер көрмесін ұйымдастыру	Наурыз	Тәрбиешілер
10.	ҚР «Тіл туралы Заңын» негізге ала отырып, құжаттарды жүргізу.	Жыл бойы	Әдіскер

2. Жазғы сауықтыру жұмыстары

№	Іс-шара мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	1 Маусым – «Балаларды қорғау күні»	01.06.2018ж.	Саз жетекшілері
2	4 Маусым – «Рәміздерді қорғау күні»	04.06.2018ж.	Тәрбиешілер
3	Таңертеңгілік тазалық. (Мақсаты: ойын алаңдарындағы тазалық пен безендірулер).	күнделікті	Барлық тәрбиешілер
4	Өнер апталығы «Қызыл телпек» ертегісі Қуыршақ театрын ұйымдастыру	11.06.- 15.06.2018ж.	Саз жетекшісі Тәрбиешілер:
5	Денсаулық мерекесі Көңілді эстафеталық ойындар	18.06- 22.06.2018ж	Тәрбиешілер
6	Спорттық мереке. «Анам, әкем және мен – спорттық жанұя	14.06.2018ж	Тәрбиешілер
7	«Көңілді бағдаршам» Жолда жүру ережелері бойынша ойындар	22.06.2018ж.	Тәрбиешілер
8	«Туған күн кеші»	28.06.2018ж	Тәрбиешілер
9	«Нептун ата көліне саяхат»	02.07.2018жыл	Тәрбиешілер
10	«Жайнай бер, Астана!» ашық тәрбие сағаттары	03- 04.07.2018жыл	Тәрбиешілер
11	«Астанам арман қалам» балалар шығармашылығы сурет, көрмесі.	05.07.2018жыл	Тәрбиешілер

12	«Бауырсақ» ертегісінің қойылымы.	09.07.2018жыл	Тәрбиешілер
13	«Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» Тапқырлар сайысы	10.07.2018 жыл	Тәрбиешілер: Абдухманова Р
14	Спорттық іс-шара «Көңілді старттар»	11.07.2018жыл	Тәрбиешілер
15	Спорттық кеш «Ертегілер еліне саяхат»	12.07.2018 жыл	Тәрбиешілер
16	Спорттық ойын сауық «Шынықсақ шымыр боламыз»	13.07.2018 жыл	Тәрбиешілер
17	Спорттық ойын-сауық«Сабын көпіршіктерінің мерекесі»	17.07.2018 жыл	Тәрбиешілер
18	«Бүгінгі жолаушы-ертеңгі жүргізуші» жол ережелері туралы тақырыптық сабақ	19.07.2018жыл	Тәрбиешілер
19	Туған күн кешін атап өту	31.07.2018ж	Тәрбиешілер
20	«Бағдаршам - біздің досымыз»	02.08.2018ж	Тәрбиешілер
21	«Ал қанеки , ұлдар» сайысы	07.08.2018ж	Тәрбиешілер
22	Денсаулық күні :«Дені саудың жаны сау»	09.08.2018ж.	Тәрбиешілер

Бекітемін:
«Рахия-ана» б/б меңгерушісі:
З.Баймуханова

Медициналық жұмыстардың 2017-2018 жылғы жылдық жоспары

К/с	Шаралар	өткізілетін мерзімі	жауаптылар
Ұйымдастыру жұмысы :			
1	Денсаулық бұрышын ұйымдастыру	Қв. 1 рет	Аға медбике
2	Балаларды қабылдауда ата- аналармен нұсқау жүргізу	Үнемі	Аға медбике
3	Газет- журнал басылдарына жазылу арқылы білім деңгейін көтеру	Ай сайын	Аға медбике
4	Балалардың ауру-сырқаулығын қорытындылау	Ай сайын	Аға медбике
5	Медициналық іс-құжаттарын әрдайым таза тәртіпті ұстау	Үнемі	Аға медбике
6	Профилактикалық егу жұмысын ай сайын құрастырып тұру	Ай сайын	Медбике
7	Әрдайым балаларды шынықтырып тұру	Күнделікті	Медбике
Профилактикалық жұмыс:			
1	Профилактикалық егу жұмыс жоспарын орындау	Жоспар бойынша	Медбике
2	Маман дәрігерге балаларды көрсетіп отыру		Медбике
3	«Д»ауруымен ауырғандармен профилактикалық емдеу жұмысын жүргізу		Медбике
4	Ертеңгілік қабылдау жұмысын жүргізу	Күнделікті	Медбике
5	Тамақ мәзірін қадағалау	Күнделікті	Медбике
6	Қызметкерлермен санитарлық-эпидемиологиялық тәртіп туралы әрдайым нұсқау өткізіп тұру	Күнделікті	Медбике
Санитарлық-ағарту жұмысы:			
1	Ата-аналармен әңгіме, нұсқау өткізу	Қыркүйек,қаңтар	Медбике
2	Жылжымалы папка жасап шығару	Қазан,желтоқсан	Медбике

3	Ата- аналармен жұмысты жылжымалы папка, стендтегі, сұрақ- жауап жазылған кеңестер арқылы жүргізу	Кв. 1 рет	Медбике
Санбюллетень шығару			
1	Ботулизм ауруының алдын-алу	I	Медбике
2	«Қызылша»	II	Медбике
3	«Қышыма және Теміреткі»	III	Медбике
4	«Ішек құрт» аурулары	VI	Медбике
5	«Полиомиелит» деген не?	V	Медбике
6	Көк ала аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын- алу	VI	Медбике
7	Иод тапшылығы	VII	Медбике
8	«СПИД»-туралы не білеміз?	VIII	Медбике
9	Балалар жарақаты	IX	Медбике
10	Вирустық А гепатитінің алдын-алу	X	Медбике
11	Сау дене қалыптастыруға арналған өнімді әрекеттер нысандарын ұйымдастыру сапасы.	XI	Медбике
12	Тұмаудың алдын-алу.	XII	Медбике
Тәрбиешілермен жұмыс :			
1	Әр топтағы сырқаттану қорытындысын шығару	Ай сайын	Медбике
2	«Жарақаттану» профилактикасына нұсқау өткізу	Ай сайын	Медбике
3	Ойыншықтарды жуу барысында және тамақтану кезінде санитарлық - гигиеналық машықтарды игеру	Үнемі	Медбике
4	Санитарлық – эпидемиялық тәртіп сақтау	Үнемі	Медбике
5	Шынықтыру профилактикасы	Үнемі	Медбике
6	Бала ауруының профилактикасы	Үнемі	Медбике
Асхана жұмысшылармен жұмыс :			
1	Жеке гигиенаны сақтау	Күнделікті	Медбике
2	Азық – түліктің бір күндік рационын жасау	Үнемі	Медбике
3	Ыдыс- аяқты жуғанда, тамақ әзірлеуде дайын астың іске асырылуын мерзіміне сай санитарлық – гигиеналық талап ету	Үнемі	Медбике
4	Тамақты дайындау технологиясын сақтау	Үнемі	Медбике
Шаруа меңгерушісімен жұмыс :			
1	Азық – түліктің анықтама қағаздары мен сертификаттарының болуын қадағалау	Үнемі	Медбике
2	Тез бұзылатын азық – түлікке брокераж журналын жүргізу	Үнемі	Медбике
3	Азық – түліктердің дұрыс сақталуын	Үнемі	Медбике

қамтамасыз ету		
Техникалық қызметкерлермен жұмыс :		
Нұсқау жүргізу :	Күнделікті	Медбике
<ul style="list-style-type: none"> - жеке гигиенаны сақтау, - Дез. тәртіпті сақтау (ыдыс- аяқты жуу, - жинау, тазалау графигін орындау 		

<ul style="list-style-type: none"> • Серуенде ойын қызметін ұйымдастыру. • Қимыл белсенділігі режимін ұстану (барлық топтар) 	<p>ойын ортасын ұйымдастыру</p> <p>Балаларға деген қарым-қатынас таба білу</p>	<p>талдау</p> <p>Бақылау мен талдау</p>	<p>Мейірбике, әдіскер</p>	<p>Жоспарлама</p>
--	--	---	---------------------------	-------------------

6. Ата - аналармен жұмыс

Мақсаты: ата-ананың педагогикалық мәдениетін жоғарылату, педагогикалық ұжым алдында тұрған міндеттерді бірігіп шешуді үйрету

6.1. Ата-аналармен жұмыс жоспары

№ р/с	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
I	<p>«Балабақшамен отбасының бала тәрбиесіндегі бірыңғай талабы» тақырыбындағы жалпы ата-аналар жиналысы.</p> <p>1 Балалар бақшасымен танысу. Балабақшадағы мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің мақсаты мен міндеті (дөңгелек үстел)</p> <p>2 Балабақша мен ата-аналар арасындағы келісім шартты талқылау</p> <p>3 Ата-аналар үшін ескертпе «Баланың жаңа орынға бейімделуіне қалай көмектесу керек?»</p>	IX	<p>Меңгеруші</p> <p>әдіскер</p> <p>психолог</p>
	<p>Ашық есік күндері:</p> <p>Ашық оқу іс-әрекеттеріне қатысу</p>	X-Y ай аралықтары	
II	<p>Жалпы ата-аналар жиналысы: «Оқу жылының қорытындысы»:</p> <p>1. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ұйымының отбасымен қарым-қатынас жүйесі. (<u>әңгімелесу, ойлар бөлісу</u>)</p> <p>– жылдық жұмыс қорытындысы;</p> <p>– отбасы тәрбиесінен тәжірибе;</p> <p>– жазғы мезгілге міндеттер.</p>	V	<p>Меңгеруші</p> <p>әдіскер</p>

7. Әкімшілік-шаруашылық жұмысы

Мақсаты: балалардың оқу мен тәрбие алу үшін жағдайын жақсарту

к / с	Жұмысты анықтау	Орындау нәтижесі	Мерзімі	Жауаптылар
1	Топ бөлмелеріне ағымдағы жөндеу.	Ақтау, сырлау	Маусым	б/б меңгерушісі, шаруашылық меңгерушісі
2	Алаңдарға шағын сәулет нысандарды алу.		Жаз бойы	Шаруашылық меңгерушісі
3	Жазғы сауықтыру шараларына учаскелерді жөндеу және дайындау.(алаңдарды көгалдандыру)	Құм әкелгізу. «Денсаулық» жолын жөндеу. Гүлзарлар отырғызу. (көпжылдық)	Мамыр	б/б меңгерушісі, шаруашылық меңгерушісі
4	Кеңсе тауарлары мен көрнекі ақпараттық материал.	Қабырғалар, картон, безендіру қағаздары.	Қыркүйек	б/б меңгерушісі, шаруашылық меңгерушісі
5	Ыдыс аяқтар, жұмсақ инвентарьлар сатып алу.	Әр балаға жеке дара қарау.		б/б меңгерушісі, шаруашылық меңгерушісі
6	Ойыншықтар сатып алу (аулада және топтарда қолданатын)		XI-XII	б/б меңгерушісі, шаруашылық меңгерушісі
7	Спорттық жабдықтарды сатып алу (шана, шаңғы)		XII-II	б/б меңгерушісі, шаруашылық меңгерушісі
8	Жылу жүйесін тексету, дайындау		Жаз айлаы	шаруашылық меңгерушісі